

**Цифрлық теңге платформасында
қызмет көрсету туралы
ШАРТ**

1. Шарттың құқықтық мәртебесі

1.1. Цифрлық теңге платформасында қызмет көрсету туралы шарт (бұдан әрі—Шарт) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 42 «Цифрлық теңгені шығару, айналысқа енгізу және өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленген және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Ұлттық орталық) Цифрлық теңге платформасында қызмет көрсету туралы қосылу шартының стандартты нысаны болып табылады.

1.2. Шарттың ережелері, оның ішінде Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын қосымшалары, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталатын Ұлттық орталық пен Қатысушылар арасындағы қатынастарда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен Қатысушының Шартқа қосылған сәтінен бастап заңды күшіне енеді. Қатысушының Шартқа қосылуы Қатысушының Шартқа қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шартқа қосымшада көзделген нысан бойынша ұсынуы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған Цифрлық теңге платформасына қатысу туралы шарттың Қатысушы қол қойған көшірмесін тапсыруы арқылы жүзеге асырылады. Осы сәттен бастап Қатысушы Шартта көзделген барлық құқықтарға ие болады және барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

1.3. Егер Өтініштің өзінде өзгеше көрсетілмесе, Шарттың жасалған күні болып Ұлттық орталықтың Қатысушының Өтінішін алғаны туралы белгіде көрсетілген күн есептеледі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе немесе Тараптар электрондық құжат айналымы арқылы өзгеше келіспесе, Шарт жасалған орын Алматы қаласы болып табылады.

1.4. Өтінішті беру Қатысушының Шарт талаптарымен танысқанын және оларды Өтініш берілген күнгі қолданыстағы редакциясында қабылдайтынын білдіреді. Қатысушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 42 қаулысымен бекітілген Цифрлық теңгені шығару, айналысқа енгізу және өтеу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын Ұлттық орталықтың Платформамен жұмыс істеу жөніндегі техникалық құжаттамасымен (бұдан әрі – Техникалық құжаттама) танысқанын растайды. Аталған құжаттардың барлық талаптары оған толық түсінікті, ол олармен келіседі және барлық талаптарды толық көлемде әрі сөзсіз орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

1.5. Шартқа қосылғаннан кейін Қатысушы Шарттың және/немесе оның ажырамас бөліктерінің талаптарымен (толық немесе ішінара) таныспағанына немесе олардың міндетті күшін мойындамайтынына сілтеме жасауға құқылы емес.

1.6. Шарттың өзекті редакциясы Ұлттық орталықтың <https://npck.kz/> мекен-жайы бойынша ресми интернет-ресурсында (бұдан әрі – интернет-ресурс) орналастырылады.

1.7. Цифрлық теңге платформасында қызмет көрсету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Шартпен реттеледі.

2. Шартта пайдаланылатын ұғымдар

2.1. Осы Шартта «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң), Қағидаларда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

2.1.1. бағдарламалық-аппараттық модуль – деректерді криптографиялық өңдеуге, Пайдаланушылардың кілттерімен жұмыс істеуге және оларды сенімді сақтауға арналған мамандандырылған жабдық.

3. Шарттың мәні

3.1. Ұлттық орталық Қатысушыға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қағидаларға, осы Шартқа және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Қатысушы Техникалық құжаттаманың талаптарын сақтаған жағдайда, Цифрлық теңге платформасында (бұдан әрі – Платформа) цифрлық теңгені шығару, айналысқа енгізу, қызмет көрсету және өтеу операцияларын жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетеді.

3.2. Ұлттық орталық Операторға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қағидаларға, Ұлттық орталық пен Оператор арасында жасалған Цифрлық теңге платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі операциялық және технологиялық функцияларды жүзеге асыру туралы шартқа және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Оператор Техникалық құжаттаманың талаптарын сақтаған жағдайда, Платформада цифрлық теңгемен операцияларды жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетеді.

3.3. Ұлттық орталық Қатысушының электрондық төлем хабарламаларын қабылдау және өңдеу, олардың негізінде Платформа Қатысушылары арасында цифрлық теңге аударымдарын жүзеге асыру, сондай-ақ Платформада жасалған цифрлық теңгемен операциялар бойынша ақпараттық хабарламаларды қабылдау, өңдеу және Қатысушыға жіберу жөніндегі қызметтерді көрсетеді, Платформаның инфрақұрылымының жұмыс істеуін, қауіпсіздік пен қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етеді (бұдан әрі – Қызметтер), ал Қатысушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және олардың ақысын төлеуге міндеттенеді.

3.4. Платформадағы электрондық хабарламалармен алмасу Тараптар арасында Ұлттық орталықтың Техникалық құжаттамасында белгіленген

электрондық хабарламалар форматтарына қойылатын талаптарға сәйкес электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Ұлттық орталық:

4.1.1. Қағидаларда және осы Шартта көзделген талаптар мен мерзімдерде Қызметтерді толық көлемде көрсетуге;

4.1.2. Қатысушыға цифрлық шот ашуға, цифрлық теңгемен төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру үшін Қатысушыдан келіп түсетін төлем хабарламаларын қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қағидаларға, Техникалық құжаттамаға және осы Шартқа сәйкес цифрлық теңгемен жасалған операциялар туралы ақпараттық хабарламаларды қабылдауды, өңдеуді және Қатысушыға жіберуді жүзеге асыруға;

4.1.3. Қағидаларға, Техникалық құжаттамаға және Қатысушылардың электрондық хабарламаларына сәйкес цифрлық теңгені шығару және өтеу кезінде Қатысушылардың цифрлық шоттары бойынша цифрлық теңгені есепке алу және есептен шығару операцияларын Платформада өңдеуді және орындауды қамтамасыз етуге;

4.1.4. профилактикалық жұмыстар жүргізілетін уақытты қоспағанда, қолданыстағы байланыс арналары мен бөлінген желілер арқылы Ұлттық орталықтың коммуникациялық жабдығын пайдалана отырып, Қатысушыға Платформаға тәулік бойы қол жеткізу қызметін ұсынуға;

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Платформа инфрақұрылымының жұмыс қабілеттілігін, Қатысушының Платформаға қол жеткізуін, Қатысушылар арасындағы техникалық және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге;

4.1.6. Қатысушыға Платформаға қосылу параметрлерін баптау мәселелері бойынша консультациялар беруге, сондай-ақ Қатысушының сұрауы бойынша Платформаға қосылу үшін қажетті Платформаның жұмыс істеу мәселелері жөніндегі нормативтік-анықтамалық ақпаратты ұсынуға;

4.1.7. Қағидалар мен Техникалық құжаттамаға сәйкес Қатысушы қызмет көрсететін Платформа Пайдаланушыларының цифрлық шоттары бойынша операцияларды жүзеге асыруға, бастамашылық жасалған операциялардың мәртебесі мен Платформадағы кіріс операциялар туралы ақпаратты алуға Қатысушыға қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.8. профилактикалық және/немесе қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуі және олардың ұзақтығы туралы Қатысушыны хабардар етуге;

4.1.9. Платформада туындайтын ақауларды жедел түрде жоюға. Егер ақауды жою ұзақ уақытты талап етсе, бұл туралы Қатысушыға хабарлап, Платформаның жұмысын барынша тез қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

4.1.10. цифрлық теңгені пайдалану кезінде қалыптастырылған ақпараттың оның қалыптастырылған, жіберілген немесе алынған форматында сақталуын, цифрлық шот жабылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы оның тұтастығы мен өзгермейтіндігін қамтамасыз етуді, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды,

дерекқорлардың тұтастығын және Платформаның электрондық мұрағаттары мен дерекқорларындағы ақпараттың толық сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.11. Техникалық құжаттамаға сәйкес операцияларды жүргізу және тіркеу үшін қажетті міндетті түрде толтырылатын деректер өрістерінің толықтығын бақылауды қамтамасыз етуге;

4.1.12. Оператормен өзара іс-қимыл шеңберінде ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын, оның ішінде Платформадағы цифрлық теңгені шығару және өтеу сомалары жөніндегі деректердің дұрыс болуын қамтамасыз етуге;

4.1.13. Оператордың ақпараттық жүйесіндегі цифрлық шоттағы ақша қалдығы мен Платформаның барлық Қатысушыларының сальдо-позициясының жиынтық цифрлық шотындағы цифрлық теңге қалдығы бойынша Оператормен күн сайын салыстырып тексеру жүргізуге;

4.1.14. Қызметтер тарифтерінің, Ұлттық орталықтың ішкі нормативтік құжаттарының және Техникалық құжаттамасының, Тараптар арасындағы бағдарламалық-техникалық өзара іс-қимыл талаптарының және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарының өзгеруі туралы олардың қолданысқа енгізілуіне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Қатысушыны ресми хат арқылы хабардар етуге;

4.1.15. Платформада жүзеге асырылатын операциялардың аудиттік ізін жүргізуді қамтамасыз етуге;

4.1.16. ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, өзгертуден, жоюдан немесе бұғаттаудан қорғауды, сенімді аутентификация рәсімдерін, криптографиялық кілттерді шығару, сақтау және пайдалану процестерінің қауіпсіздігін қоса алғанда, Платформаның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

4.1.17. Төлемдер туралы заңның және Қағидалардың талаптарын орындауға;

4.1.18. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қатысушы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге **міндеттенеді.**

4.2. Ұлттық орталық:

4.2.1. Қатысушының Техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Қатысушыны Платформаға қоспауға;

4.2.2. профилактикалық жұмыстарды тек жексенбі күндері (демалыс күндері) немесе түнгі уақытта, жылына жалпы ұзақтығы 7 (жеті) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізуге, бұл ретте Қатысушыны профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін кемінде 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар етуге;

4.2.3. Ұлттық орталықтың ішкі нормативтік құжаттарына қойылатын талаптарды, Тараптар арасындағы бағдарламалық-техникалық өзара іс-қимыл талаптарын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдерін дербес айқындауға;

4.2.4. Қатысушы Ұлттық орталық көрсеткен қызметтер үшін ұсынылған шот-фактураны ол ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен астам уақыт ішінде толық көлемде төлемеген жағдайда, берешек өтелгенге дейін Қатысушыны хабардар етпей-ақ осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуді

тоқтата тұруға, бұл ретте тоқтата тұру кезеңі үшін төлемді Қатысушы Ұлттық орталық бекіткен тарифке сәйкес жүзеге асырады;

4.2.5. Қатысушы Ұлттық орталық көрсеткен қызметтер үшін ұсынылған шот-фактураны ол ұсынылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астам уақыт ішінде толық көлемде төлемеген жағдайда, Шартты соттан тыс біржақты тәртіппен бұзуға және кейіннен Қатысушыны Шартты бұзудың күні мен себептері туралы жазбаша хабардар етуге;

4.2.6. Қатысушыны жаңа тарифтер қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, осы Шарт бойынша Қызметтердің құнын (Тарифті) өзгертуге;

4.2.7. мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде Қатысушының Платформаға қол жеткізуін тоқтатуға:

1) Қағидаларды жүйелі түрде (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан көп рет) бұзу;

2) Қатысушының банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылуы;

3) соттың Қатысушының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауы;

4) Қатысушының өз қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдауы;

5) Платформа Қатысушысының террористік қызметке қатысы бар тұлғалар тізбесіне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілуі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, осы Шартта және Цифрлық теңге платформасына қатысу туралы шарттарда белгіленген өзге де жағдайларда;

4.2.8. Оператордың жазбаша хабарламасы негізінде мынадай жағдайларда Қатысушының Платформаға қол жеткізуін тоқтата тұруға:

1) Қатысушыға берілген рұқсат құжаттарының қолданылуын тоқтата тұру туралы Платформа Қатысушысының қызмет саласындағы уәкілетті органның заңды күшіне енген шешімі немесе нұсқамасы болған жағдайда;

2) аномальды трафик, күмәнді белсенділік, трафик көлемінің шамадан тыс артуы немесе алаяқтық белгілері бар өзге де операциялар фактілері анықталған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, осы Шартта және Цифрлық теңге платформасына қатысу туралы шарттарда белгіленген өзге де жағдайларда.

4.2.9. алаяқтық белгілері немесе ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер анықталған жағдайда операцияларды жүргізуді шектеуге;

4.2.10. Қатысушы осы Шарттың талаптарын, Қағидалардың талаптарын, Қағидаларда және Техникалық құжаттамада белгіленген ақпараттық қауіпсіздік шараларын бұзған жағдайда, оның ішінде Қатысушының рұқсат етілмеген төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырғаны анықталған кезде, осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және Қатысушының

ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуіндегі анықталған бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

4.2.11. Платформамен жұмыс істеу жөніндегі Техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізуге және Қатысушылардан олардың сақталуын талап етуге;

4.2.12. мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде: Қатысушының Ұлттық орталықтың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, Шарт талаптарын бұзуы немесе Қатысушының Платформа қатысушысы мәртебесінен айырылуы жағдайында Шартты соттан тыс біржақты тәртіппен бұзуға;

4.2.13. егер мұндай салдарлар Қатысушының, оның қызметкерлерінің немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде туындаса, Шарт талаптарын, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзу, Платформа жұмысының кідірістері және (немесе) оның қауіпсіздігінің бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың өтелуін Қатысушыдан талап етуге **құқылы**.

4.3. Қатысушы:

4.3.1. Шартқа қосылған күні Ұлттық орталыққа мынадай құжаттарды ұсынуға:

- 1) Шартқа қосымшада көзделген нысан бойынша Өтінішті;
- 2) Шартқа қосымшада көзделген құжаттардың тізбесін;

4.3.2. Ұлттық орталықтың (<https://npck.kz/>) интернет-ресурсында орналастырылған Ұлттық орталық жүйелеріндегі Куәландырушы орталықтың қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу жөніндегі өтінішті Шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;

4.3.3. Шарт талаптарына сәйкес Ұлттық орталыққа Қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде төлеуге;

4.3.4. Қағидалардың, Ұлттық орталықтың Техникалық құжаттамасының талаптарын, сондай-ақ Платформаны ұйымдастыру және оның жұмыс істеу мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де талаптарды орындауға;

4.3.5. электрондық хабарламалардың түпнұсқалығын, дұрыс жасалғанын, олардың берілген фактісін айқындау және оларды беру кезінде қателерді анықтау мақсатында Ұлттық орталық белгілеген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдерін сақтауға;

4.3.6. Ұлттық орталықтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жіберілген және алынған төлем хабарламалары мен ақпараттық хабарламалардың орындалуын бақылауға;

4.3.7. Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қағидалардың және Техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес Платформа Пайдаланушыларының цифрлық шоттарын және Қатысушының цифрлық шотын ашуды, жүргізуді және жабуды жүзеге асыруға;

4.3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Цифрлық теңге операторының атынан және тапсырмасы бойынша Қатысушы қызмет көрсететін цифрлық теңге иесінің сәйкестендірілуін жүзеге асыруға;

4.3.9. өзінің цифрлық теңгелерінің есебін Қатысушының жеке баланстық шотында (бұдан әрі – цифрлық теңгені есепке алу шоты) жүргізуге;

4.3.10. Платформаға қол жеткізу мәселелері бойынша Ұлттық орталықпен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті Қатысушының жауапты тұлғасының байланыс деректерін (Т.А.Ә., лауазымы, телефоны, e-mail) ресми тәртіппен Ұлттық орталыққа ұсынуға;

4.3.11. Ұлттық орталықтан алынған ақпаратпен салыстыра отырып, Ұлттық орталық орындаған төлем хабарламалары нәтижелерінің дұрыс көрсетілуіне күн сайын мониторинг жүргізуге. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда бұл туралы Ұлттық орталықты жазбаша түрде хабардар етуге және келесі операциялық күн ішінде онымен бірлесіп Қатысушының орындалған төлем хабарламаларын салыстырып тексеруді жүргізуге;

4.3.12. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауға және Платформадағы цифрлық шоттың күмәнді операцияларды жүргізу және (немесе) заңсыз мақсаттарда пайдаланылуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

4.3.13. Платформадағы өз жұмысының бапталуын, реттелуін, қосылуын және мониторингін дербес қамтамасыз етуге;

4.3.14. Қатысушыдан Платформаға дейінгі телекоммуникациялық қол жеткізу арналарының жұмысын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге;

4.3.15. Шартқа қол қойғанға дейін Ұлттық орталыққа Оператормен қол қойылған Цифрлық теңге платформасына қатысу туралы шарттың көшірмесін ұсынуға;

4.3.16. өз ақпараттық жүйелерінің Техникалық құжаттамаға сәйкес қосылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

4.3.17. цифрлық шот туралы шарттардың негізінде Цифрлық теңге платформасы Пайдаланушыларының цифрлық шоттарын ашуға және оларға қызмет көрсетуге;

4.3.18. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Платформа Пайдаланушыларын сәйкестендіруді және верификациялауды жүзеге асыруға;

4.3.19. цифрлық шот ашу және Пайдаланушының цифрлық шоты бойынша операцияларды растау үшін криптографиялық кілттер жұбын шығаруды, басқаруды және сақтауды СТ РК 1073-2007 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» стандартына сәйкес қауіпсіздіктің үшінші деңгейінен төмен емес криптографиялық бағдарламалық-аппараттық модульді пайдалана отырып қамтамасыз етуге;

4.3.20. Ұлттық орталықпен төлем және ақпараттық хабарламалар алмасу кезінде Ұлттық орталық Платформа Қатысушысына ұсынған аутентификация құралдарын, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын және тіркеу куәліктерін пайдалануға;

4.3.21. ақпараттың қорғалуын және цифрлық шоттарға рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алуды қамтамасыз етуге;

4.3.22. алаяқтық операцияларды және кірістерді заңдастыруға байланысты операцияларды анықтау мақсатында пайдаланушылар операцияларына мониторинг жүргізуге;

4.3.23. анықталған ақпараттық қауіпсіздік инциденттері туралы Ұлттық орталықты дереу хабардар етуге;

4.3.24. Платформа Қатысушысының бағдарламалық қамтамасыз етуі мен ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің Қағидалар мен Техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4.3.25. Платформада жұмыс істеу кезінде алаяқтықтың, рұқсатсыз қол жеткізудің және ақпараттық қауіпсіздік талаптарының бұзылуының алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

4.3.26. Ұлттық орталықтың талабы бойынша Шарт Қатысушының Шарт талаптарын орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен жауаптылықта болуға **міндеттенеді**.

4.4. Қатысушы:

4.4.1. Ұлттық орталықтан Қызметтердің тиісті түрде, толық көлемде және Шартта белгіленген мерзімде көрсетілуін талап етуге;

4.4.2. Ұлттық орталықтың нормативтік құжаттарында көзделген ақпараттық хабарламаларды (сұрау салуларды, үзінді көшірмелерді) Ұлттық орталыққа жіберуге және одан алуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Платформа Пайдаланушыларына цифрлық шоттар ашуға, оларды жүргізуге және жабуға;

4.4.4. Қағидаларға сәйкес белгіленген шектерде және операциялардың түрлері бойынша Платформа Пайдаланушыларының цифрлық шоттарына қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы белгілеуге және өндіріп алуға;

4.4.5. Төлемдер туралы заңның және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес заңды және жеке тұлғалармен цифрлық шот ашу және оған қызмет көрсету туралы шарттар жасасуға;

4.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес Платформа арқылы цифрлық теңгемен операцияларды жүзеге асыруға;

4.4.7. Платформада жұмыс істеу үшін қажетті ақпараттық, технологиялық және консультациялық қолдауды Ұлттық орталықтан алуға;

4.4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және цифрлық шот туралы шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен цифрлық шот Пайдаланушысының операцияларын жүргізуді тоқтата тұруға;

4.4.9. Қағидаларда белгіленген тәртіппен цифрлық теңгені шығару және өтеу операцияларына бастамашылық жасауға;

4.4.10. Ұлттық орталықтың жұмыс уақытында оның қызмет көрсетуші персоналынан Платформаның жұмыс істеу мәселелері бойынша консультациялар алуға **құқылы**.

5. Төлем жасау тәртібі

5.1. Осы Шарт бойынша төлемді Қатысушы Ұлттық орталық бекіткен және Ұлттық орталықтың (<http://www.nprck.kz>) ресми интернет-ресурсында

жарияланған қолданыстағы Тарифтерге сәйкес нақты көрсетілген Қызметтер үшін ай сайын жүзеге асырады. Төлем Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) электрондық актісіне қол қойған және Ұлттық орталық ЭШФ АЖ порталында электрондық шот-фактура ұсынған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген Ұлттық орталықтың банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

5.2. Барлық салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Қатысушы Шарттың 5.1-тармағында көзделген мерзімде Ұлттық орталықтың Қызметтері үшін төлемді кешіктірген жағдайда, Ұлттық орталыққа көрсетілген Қызметтердің сомасынан кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.3. Ұлттық орталық төлем хабарламаларының толық емес немесе дұрыс ресімделмеуі, сондай-ақ Қатысушының кінәсінен болған қателер, бас тартулар немесе кідірістер үшін осы Шарт бойынша жауапты болмайды.

6.4. Ұлттық орталық Қызметтер көрсету процесінде және соған байланысты туындайтын Қатысушының Пайдаланушылар алдындағы міндеттемелері бойынша, сондай-ақ Пайдаланушының интернет желісіне қол жеткізуі кезінде жіберілген қателер үшін жауапты болмайды. Ұлттық орталықтың әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде, оның тікелей бақылауындағы мән-жайлардан немесе Платформаның, Ұлттық орталық инфрақұрылымының жұмыс істеуінен не олардың дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған және Ұлттық орталықтың кінәсі дәлелденген жағдайлар бұған кірмейді. Мұндай жағдайда Ұлттық орталық туындаған даулар мен келіспеушіліктерді шешуге қатысуға міндетті.

6.5. Тараптар осы Шарт шеңберінде ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы үшін толық жауапты болады.

6.6. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құпия кілттердің, парольдердің және өзге де құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге, оларды үшінші тұлғаларға жария етпеуге және таратпауға жауапты болады.

6.7. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, міндеттемелерін бұзған Тарап зардап шеккен Тарапқа осындай орындамау және/немесе тиісінше орындамау салдарынан туындаған нақты және құжатпен расталған залалдарды толық көлемде өтейді және мұндай бұзушылық анықталған күннен бастап 7 (жеті) операциялық күн ішінде көрсетілген ақшалай сомаларды зардап шеккен Тараптың банктік шотына толық көлемде аударуға міндеттенеді.

6.8. Қатысушының кінәсінен ақпараттық қауіпсіздік талаптарының бұзылуы, Платформа жұмысының кідірістері және (немесе) оның қауіпсіздігінің

бұзылуы нәтижесінде Ұлттық орталыққа залал келтірілген жағдайда, Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шектерде осындай бұзушылықтан келтірілген нақты әрі құжатпен расталған залалдарды Ұлттық орталыққа өтейді.

6.9. Платформаның жұмыс істеуіне кедергі келтірген күтпеген жағдайлар туындаған кезде, Тараптар Платформаның жұмысын қалпына келтіру және Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуынан келтірілген залалды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

6.10. Егер кедергілер, бұрмаланулар, үзілістер немесе кідірістер Ұлттық орталықтың бақылауынан тыс мән-жайларға байланысты болса, Ұлттық орталық Қатысушының жұмысы барысында туындауы мүмкін мұндай жағдайлар үшін жауап бермейді. Мұндай мән-жайларға: бөлінген байланыс желілерінің үзілуі немесе сапасының төмендеуі; Ұлттық орталықтың қызмет көрсетуші персоналымен келісілмеген аппараттық немесе бағдарламалық өзгерістер, парольдерді қайта орнату және Қатысушының өзге де әрекеттері жатады.

6.11. Платформа Қатысушысы цифрлық шот туралы шарттың талаптарына сәйкес Платформа Пайдаланушылары алдында үшінші тұлғалардың Платформа Қатысушысының бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы оның цифрлық шотына рұқсатсыз қол жеткізуі, сондай-ақ Платформа Қатысушысының бағдарламалық қамтамасыз етуіндегі қателер немесе кідірістер салдарынан Пайдаланушыға келтірілген залал үшін жауапты болады.

6.12. Тараптар электрондық хабарламалардың дұрыс бағытталуына, цифрлық теңгемен жүргізілетін операциялар туралы ақпараттың қорғалуына, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың талаптарының сақталуына жауапты болады.

6.13. Тараптардың бірі осы Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, құпия ақпаратты жария еткен Тарап құпия ақпараттың жария етілуі нәтижесінде келтірілген залалды толық көлемде өтейді.

6.14. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

7. Ақпараттық қауіпсіздік режимі, құпиялылық, банктік құпияны сақтау және дербес деректерді қорғау

7.1. Тараптар дербес деректерді және өзге де ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, ақпараттың жариялануынан, араласудан, электрондық хабарламалардың мазмұнын өзгертуден, бұрмалаудан, жария етуден немесе жоюдан қорғау үшін қажетті технологияларға және ішкі рәсімдерге ие әрі барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асырады.

7.2. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүйеде өздері өндеген барлық электрондық хабарламалар бойынша ақпараттың және аудит ізінің өздерінің ішкі бағдарламалық құралдарында сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

7.3. Әрбір Тарап қорғалатын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауға міндеттенеді және оның жария етілуінен қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

7.4. Тараптар Шарт талаптары, сондай-ақ ақпаратты ұсынған Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпия деп белгілеген кез келген ақпарат оны ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етілмеуге тиіс екенін мойындайды, бұдан мынадай жағдайларды қоспағанда:

7.4.1. ақпаратты Шартты орындауға тартылған персоналға ұсыну. Мұндай ақпарат аталған қызметкерге құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана берілуге тиіс;

7.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрау салулары негізінде ақпаратты жария ету;

7.4.3. Тараптар арасындағы контрагентке алынған ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша келісім жасалған жағдайда ақпаратты беру.

7.5. Тараптар осы бөлімде көрсетілген құпия ақпаратты немесе құжаттарды екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты орындау мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдалануға құқылы емес.

7.6. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан немесе таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға (немесе олардың қабылдануын қамтамасыз етуге) міндетті.

7.7. Құпия ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту

8.1. Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және өзге де нормативтік актілерінің талаптары (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар) өздеріне белгілі екенін растайды. Тараптар осы Шартты орындау кезінде өз қызметкерлерінің, өкілдерінің, үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Шартты орындауға тартылатын тұлғалардың аталған талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге және өздері де сақтауға міндеттенеді.

8.2. Әрбір Тарап екінші Тарапты және/немесе оның қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған кез келген әрекеттерден, оның ішінде ақша қаражатын, сыйлықтарды беруден, жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындаудан немесе аталған тұлғаларды тәуелді жағдайға қоюға және олардың әрекеттеріне екінші Тараптың мүддесі үшін ықпал етуге қабілетті өзге де тәсілдерден бас тартады.

8.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзу немесе оларды сақтау жөнінде қызметкерлер, өкілдер немесе үлестес тұлғалар тарапынан шаралар қабылдамау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптарды бұзған Тараптың жауаптылығына әкеп соғады.

9. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Платформаның жұмыс істеуіне қатысты осы Шартта көзделмеген мәселелер бойынша Тараптар Қағидаларды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

9.2. Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

9.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Ұлттық орталықтың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10.Еңсерілмейтін күш (форс-мажор)

10.1. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары, оның ішінде табиғи апаттар, авариялар, өрттер, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, жүйелердің жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желілерінің және/немесе байланыс құралдарының бүлінуі, жүйелердің жұмысқа жарамсыздығы, электр энергиясын берудегі кідірістер, интернет желілері арқылы деректерді беру кідірістері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осы Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, Тараптардың осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруына кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің қабылдануы, Тараптардың қызметкерлері, басшылары немесе уәкілетті тұлғалары болып табылмайтын тұлғалардың заңсыз әрекеттері туындаған жағдайда, егер осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей және қолда бар байланыс арналары арқылы хабар беру мүмкіндігі болған кезде олардың әсерінен зардап шеккен Тарап екінші Тарапқа болған оқиға туралы хабарлап, сондай-ақ форс-мажорлық мән-жайлардың салдарын мүмкіндігінше тез жою үшін барлық күш-жігерін жұмсаса, Тараптар өздері қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

Тараптар ақпарат алмасу арналарының, оның ішінде АТҚАЖ жүйесінің пайдаланылуының тоқтатылуы үшін егер мұндай тоқтатылу электр энергиясының өшуіне және байланыс желілерінің бүлінуіне алып келген табиғи апаттар түріндегі, ақпарат алмасу арналарының жұмыс істеуіне елеулі әсер ететін еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан туындаса жауапты болмайды.

10.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың қолданылу кезеңіне сәйкес ұзартылады. Бұл ретте Тараптар бір-бірін аталған мән-жайлардың туындауы және олардың тоқтатылуы туралы дереу хабардар ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

10.3. Егер Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылатын болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға және Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір залалдарды өтеуді талап етуге құқылы болмайды. Шарттың бұзылуы Тараптарды өзара есеп айырысулар жүргізу міндетінен босатпайды.

10.4. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмай қалған Тарап Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы екінші Тарапты дереу, бірақ 7 (жеті) жұмыс күнінен

кешіктірмей хабардар етуге, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органның растайтын құжатын ұсынуға міндетті. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді.

11.Криптографиялық қорғауды пайдалану

11.1. Электрондық хабарламалармен алмасу кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сертификатталған «Тумар-CSP» ақпаратты криптографиялық қорғау және электрондық цифрлық қолтаңба бағдарламалық құралын, сондай-ақ Ұлттық орталық Қатысушыға беретін тіркеу куәліктерін пайдаланады және оларды электрондық хабарламалардың құпиялылығын, тұтастығын, авторлығын растауды және түпнұсқалығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп таниды.

11.2. Тараптар жіберушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық хабарламаны оның қолы және мөрі қойылған қағаз тасығыштағы құжатқа заңдық тұрғыдан тең деп таниды.

11.3. Тараптар Платформада қолданылатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық және бағдарламалық-техникалық қорғау шараларын қоса алғанда, ақпаратты қорғау құралдары тиісті деңгейде ақпараттың қорғалуын және оның құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ететінін мойындайды.

11.4. Қорғаныс шараларының тәртібі бұзылған немесе ол туралы ақпарат жария етілген жағдайда, мұндай бұзушылықты анықтаған Тарап бұл туралы екінші Тарапты дереу хабардар етеді және салдарын жою бойынша шаралар қабылдайды.

11.5. Платформа Пайдаланушыларының цифрлық шотын ашу үшін және Пайдаланушының цифрлық шоты бойынша операцияларды растау үшін криптографиялық кілттер жұбын шығару, басқару және сақтау СТ РК 1073-2007 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» стандартына сәйкес қауіпсіздіктің үшінші деңгейінен төмен емес криптографиялық бағдарламалық-аппараттық модульді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

12.Хабарламалармен алмасу шарттары

12.1. Платформада Тараптар арасындағы электрондық хабарламалармен алмасу тек Ұлттық орталық белгілеген ақпарат беру форматтарына сәйкес электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

12.2. Коммуникациялық бақылаудан, аутентификациядан өткен және Ұлттық орталық өндеуге қабылдаған электрондық хабарламалар өңделген болып есептеледі.

13.Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

13.1. Шарт Қатысушы қол қойған Өтініш пен онда көрсетілген барлық құжаттар пакетін Ұлттық орталық алған күннен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге қолданылады.

13.2. Қатысушы Шартты бұзу туралы Ұлттық орталыққа жазбаша хабарлама жіберу арқылы, бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Шартты бұзуға құқылы. Ұлттық орталық Қатысушы Өтініште көрсеткен

электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзу күнін өзгертуге құқылы.

13.3. Ұлттық орталық осы Шарттың 4.2.5 және 4.2.12-тармақшаларына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, бұл туралы Қатысушыға Өтініште көрсетілген мекенжайға жазбаша хабарлама жібереді.

13.4. Өтініште көрсетілген атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері және электрондық пошта мекенжайлары өзгерген жағдайда, Қатысушы мұндай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық орталықты жазбаша хабардар етуге міндетті. Мұндай өзгерістер Шартқа және/немесе Өтінішке қосымша келісім жасасуды талап етпейді.

13.5. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Ұлттық орталықтың біржақты тәртібімен жүзеге асырылады.

13.6. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы хабарлама Ұлттық орталықтың ресми интернет-ресурсында Шарттың жаңа редакциясын орналастыру арқылы және/немесе Қатысушы Өтініште көрсеткен электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.

13.7. Шартқа енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар интернет-ресурста жарияланған күннен бастап күшіне енеді және Шартқа қосылған барлық Қатысушыларға, оның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қосылған Қатысушыларға да қолданылады.

13.8. Тараптар Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) операциялық күн ішінде толық өзара есеп айырысуды жүргізеді.

13.9. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және құқықтық мирасқорларға өтеді.

14.Өзге де талаптар

14.1. Шартта тікелей көзделмеген өзге барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

14.2. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

14.3. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелер құқықтық мирасқорларға өтеді.

15.«Ұлттық орталықтың заңды мекенжайы және деректемелері»

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы

мекен-жайы: А15С9Т5, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Көктем-3» ы/а, 21 үй

БСН 960440000151

экономика секторы 5, резиденттік белгісі 1,

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ЖСК KZ58601A861013807291

БСК HSBKKZKX

БЕК 15

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік:

серия 60001

нөмірі 0078192

Тел: +7 (727) 3-124-724

Цифрлық теңге платформасында қызмет көрсету шартына қосымша

Цифрлық теңге платформасында қызметтер көрсету шартына сөзсіз қосылу
туралы өтініш (бұдан әрі-Өтініш)

1. _____, атынан _____, негізінде әрекет ететін _____ (бұдан әрі – Қатысушы), осы өтінішке қол қою арқылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Ұлттық орталық) уәкілетті органы бекіткен Цифрлық теңге платформасында қызметтер көрсету шартына (бұдан әрі-Шарт) сөзсіз қосылады және оған барлық қосымшаларды, толықтырулар мен өзгерістерді қоса алғанда, шарттың талаптары мен ережелерін сақтауға міндеттенеді.

2. Өтініш беру арқылы Қатысушы өзінің:

1) Шарттың мәтінімен және (<https://npck.kz/>) интернет-ресурста орналастырылған Қағидалармен (олардағы өзгерістер мен толықтырулармен) танысқанын, көрсетілген құжаттардың барлық талаптары мен шарттары оған өте түсінікті екендігін;

2) Шарттың және Қағидалардың барлық талаптарымен келісетінін, сондай-ақ тарифтермен танысқанын;

3) Шарттың және Қағидалардың барлық талаптары мен шарттарын толық көлемде, сөзсіз орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайтынын;

4) Шарт жасасу/Өтінішке қол қою үшін барлық қажетті құқықтарға ие екендігін;

5) Шарт Ұлттық Орталық осы Өтінішті алған сәттен бастап жасалған болып есептелетініне келісетінін растайды.

3. Өтініш берілгеннен кейін Қатысушы Шартпен және Шартта аталған басқа құжаттармен, олардың болашақта өзгертулерімен және толықтыруларымен таныспағанына сілтеме жасауға құқылы емес, оны Ұлттық орталық шартқа біржақты тәртіппен енгізеді және <https://npck.kz/> интернет-ресурста жариялайды.

4. Өтініш екі данада, Қатысушы мен Ұлттық орталық үшін бір данадан жасалады және қол қойылады.

5. Қатысушы Ұлттық орталыққа өзі туралы келесі деректерді хабарлайды:

Толық атауы:	
Қысқартылған атауы:	
Бірінші басшының Т.А.Ә. және лауазымы:	
Заңды және нақты мекен-жайы:	
Пошта индексі:	
Бастапқы байланыстың байланыс телефоны	Тел.

Бастапқы байланыстың E-mail:	
Екінші байланыстың байланыс телефоны	Тел.
Екінші байланыстың E-mail:	
БСН	
IBAN банктік шоты	
Банктің БСК	
Банктің атауы	
БЕК	
ҚҚС-қа қою туралы куәлік (серия, нөмірі, күні)	

6.Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу қайта тіркеу туралы куәлік/анықтама;
- 2) заңды тұлғаның уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы хаттамасы (шешімі);
- 3) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік;
- 4) жарғы;
- 5) егер Өтінішке бірінші басшы қол қоймаса, өкілге сенімхат;
- 6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған Цифрлық теңге платформасына қатысу туралы шарт.

Қатысушы: _____

ТАӨ, қол қоюшы лауазымы/қолы _____

МО

Ұлттық орталықтың белгісі:

алу туралы, күні

Қол қоюшының ТАӨ / қолы _____

Қосымша мәліметтер (Ұлттық орталықпен

толтырылады): _____